

**"Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 8-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қаңтарда № 9078 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы 18-06/1085 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.12.2015 № 18-06/1085 бұйрығымен.**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңның 29-бабы 1-тармағының б) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 172 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы  
Қ о р ш а ғ а н о р т а ж әне с у  
р е с у р с т а р ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 4 ж ыл ғы « 1 7 » қа ң т а р да ғы  
№ 8-ө бұйрығымен бекітілген

# «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесі

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құзыреті шегінде балық ресурстарының және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство және уәкілетті орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы Министрлікке ведомстволық бағынысты заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің, егер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге де актілерімен шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымын және штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрімен келіскеннен кейін Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Заңды тұлғаның орналасқан мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіреберіс «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті»

мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение «Комитет рыбного хозяйства Министерства окружающей среды и водных ресурсов Республики Казахстан».

10. Осы Ереже «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Комитеттің жұмыс режимі Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес Министрліктің жұмыс регламентімен белгіленеді.

13. Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

14. Комитет:

- 1) Балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу басқармасынан;
- 2) Балық ресурстарының өсімін молайту басқармасынан;
- 3) Қаржылық және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс басқармасынан тұрады.

15. Комитеттің мынадай аумақтық бөлімшелері бар:

1) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы;

2) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Қапшағай қаласы;

3) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Ертіс облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Өскемен қаласы;

4) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы;

5) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Атырау

қ а л а с ы ;

6) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қ а л а с ы ;

7) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Тобыл-Торғай облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Қостанай қ а л а с ы ;

8) «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Шу-Талас облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Тараз қ а л а с ы .

Комитет балық шаруашылығы саласындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына Министрліктің қарамағындағы:

1) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а ;

2) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а ;

3) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а ;

4) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Қамыстыбас балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а ;

5) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Петропавл балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а ;

6) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Майбалық балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а ;

7) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің «Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына басқару мәселелері бойынша жұмыс органы болып табылады.

## 2. Комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары

16. Комитеттің міндеті: балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру :

Ф у н к ц и я л а р ы :

1) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша жұмыс органы болып табылады, реттелетін салаларда нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі, сондай-ақ мемлекеттік органдарда нормативтік құқықтық актілерінің келісуін (тіркеуін) өтуіне қатысады;

2) Комитеттің, аумақтық бөлімшелердің бюджеттік өтінімін дайындау, оны Министрлікке ұсыну, сондай-ақ өзге де бюджеттік процесстердің рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

3) өзінің құзыреті мәселелері бойынша болжау жасалып отырған жобалардың редакцияларын қоса тіркеп, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге.

17. Комитеттің міндеті: балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды іске асыру :

Ф у н к ц и я л а р ы :

1) мынадай мемлекеттік бақылауды және қадағалауды іске асырады: балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормаларының сақталуына; балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы шаралардың атқарылуына; балық аулау Қағидасының сақталуына;

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды және жерсіндіруді жүргізу тәртіптерінің сақталуына ;

жеке және заңды тұлғалардың балық шаруашылығын жүргізу шарттары талаптарының орындалуына ;

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуына ;

балық шарушылығын жүргізу Қағидасының сақталуына;

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының өзге де талаптарының орындалуына ;

жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің, сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуына; құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін қолданушылардың қызметін тексереді;

18. Комитеттің міндеті: балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Ф у н к ц и я л а р ы :

1) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қолдануға; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды мен жерсіндіруді өндіруге; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерін әкелуге және әкетуге;

р ұ қ с а т б е р е д і .

2) балық аулауға және балық шарушылығын жүргізуге шарт жасасады;

3) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорындағы балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғауды, өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды;

балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді;

балық ресурстарының және басқа су жануарларын мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді;

сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген балықтар және басқа су жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ жасанды түрде өсіру жөніндегі қызметін;

балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурсын дайындау және өткізу шараларын;

балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды;

ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

4) аккредиттелінген республикалық қауымдастықтар қоғамдық бірлестіктер балықшылардың және балық шаруашылығы субъектілері қатысуымен, бекітілген лимиттер негізінде балық ресурстарының және басқа су жануарларын алу

к в о т а л а р ы н б ө л е д і ;

5) рекреациалық балық аулау аймақтарын;  
ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашып, жабады, балық шаруашылығы  
учаскелерінің шекараларын;  
б е к і т е д і .

6) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасы заңдарында бекітілген тәртіппен, өз құзыреті шегінде, зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;

8) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтамасын береді;

9) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық ж а с а у д ы ;

бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды;

балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын биологиялық-экономикалық тексеруді;

бекіре тұқымдас балықтар түрлерінің уылдырығын ішкі нарықта сату м а р к а с ы н б е р у д і ;

балық ресурстарының және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында халықаралық келісімдерін іске асыруды;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген тәртіппен әкімшілік құқықбұзушылық туралы істері бойынша өндірісті;

жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген балықтарды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеуді.

10) су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды; облыстық жергілікті атқарушы органының балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімін;

балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде, двигательдері қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін;

Қазақстан Республикасы «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 17-бабы 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және басқа қызметті жүзеге асыратын субъектілерімен әзірленетін, техникалық-экономикалық негіздеме мен жобалау-сметалық құжаттаманы жануарлар дүниесін пайдаланушылармен арнайы пайдалану кезінде биологиялық

негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылық мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін  
ж ы л с а й ы н тү з е т у д і ;  
к е л і с е д і .

11) балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау  
т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

12) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын алу жөнінде ұсыныс;  
балық ресурстарының және басқа су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу енгізу жөнінде ұсыныс;  
жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде толығымен орналасқан жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін олардың өтінімі бойынша белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурстық бекітіп беру туралы облыстық жергілікті атқарушы  
о р г а н ғ а ұ с ы н ы с ;  
е н г і з е д і .

13) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын басып шығаруға қатысады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде қарастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Комитеттің міндеті: Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің қарауындағы балық шаруашылығы саласындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды тиімді басқару.

Ф у н к ц и я л а р ы :

1) балық шаруашылығы саласында мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

2) республикалық қазыналық мемлекеттік кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

3) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары қызметінің мәні мен мақсатын айқындайды;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша



ұ с ы н ы с т а р

е н г і з е д і ;

5) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды және бекітеді;

6) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары мүлкінің сақталуын және олардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына берілген немесе ол шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін б е р е д і ;

8) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілейді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыруды және т а р а т у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

10) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жыл сайын еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

### **3. Комитеттің құқықтарымен міндеттемелері**

20. Негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген қызметтерді жүзеге асыру үшін Комитет белгіленген заңнамалық тәртіпте құқығы бар:

1) объектілерге жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау мақсатында баруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметі туралы ақпарат алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде берілген өкілеттіктер ш е г і н д е а к т і л е р ш ы ғ а р у ғ а ;

3) тексеру материалдарын құқық қорғау органдарына іс жүргізу шешімін қ а б ы л д а у ү ш і н б е р у г е ;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тоқтата тұру немесе қызметіне тыйым салу т у р а л ы ұ с ы н ы с е н г і з у г е ;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы

Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы салдарынан келтірілген зиянның көлемін анықтауға және осының негізінде кінәлі тұлғаларға осы зиянды ерікті түрде өтеу туралы талап қоюға не сотқа талап-арыз беруге;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

7) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің аумақтарында және олардың жағалау белдеуінде, олардан шыққан кезде көлік және жүзу құралдарын тоқтатуға, оларды жете тексеруге;

8) су тарту құрылыстарын оларды тиісті балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау және су тұтыну шарттарын уәкілетті органмен келісу нысанына тексеруді жүзеге асыруға;

9) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде, жағалау белдеуінде болған және олардан шыққан кезде адамдардың жануарлар дүниесін пайдалану құқығына арналған құжаттарын тексеруге;

10) балық ресурстарының және басқа да су жануарларын аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін сот шешім қабылдағанға дейін сақтау үшін алып қоюға;

11) заңсыз ауланған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын және олардың тіршілік ету өнімдерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алып қоюға;

12) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қоюға;

13) талап арыздарымен сотқа жүгінеді, талап арыздарды Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіппен қарастыруға қатысады;

14) мемлекеттік органдардан, бағынысты және басқа да ұйымдардан, лауазымдық тұлғалардан өзінің міндеттері мен қызметтерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты алуға және сұратуға;

15) нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізуге немесе осындай актілердің бастама жобаларын уәкілетті органға қарастыру үшін беруге;

16) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асырады.

#### **4. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің жедел басқару құқығында заңнамамен қарастырылған жағдайда жекелеген мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады, және негізгі және айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ Комитеттің балансында құны көрсетілген басқа да мүліктен тұрады.

22. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Комитет өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

## **5. Комитеттің қызметін ұйымдастыру**

24. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті, өкілеттіліктерді иеленеді.

25. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрімен лауазымына тағайындалатын және лауазымынан босатылатын төраға Комитетке б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы .

26. Төрағаның ұсынысы бойынша Жауапты хатшымен келісу арқылы тағайындалатын орынбасарлары болады.

27. Комитеттің төрағасы Комитет жұмысын ұйымдастырады және басшылықты жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттерді орындауға және өз қызметтерін жүзеге асыруға жеке жауапкершілікті атқарады.

28. О с ы м а қ с а т т а р д а т ө р а ғ а :

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;  
2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитет қызметкерлерін лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штаттық кестесі б о й ы н ш а ұ с ы н ы с б е р е д і ;

4) Жауапты хатшыға аумақтық бөлімшелердің бірінші басшылары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы, сондай-ақ оларды ынталандыру және тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұ с ы н ы м д а р е н г і з е д і ;

5) өз орынбасарларының, қызметкерлерінің және Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

7) заңмен белгіленген тәртіпте Комитеттің қызметкерлеріне ынталандыруды және тәртіптік жазаларды қолданады;

8) өз құзыреті шегінде Комитеттің қызметкерлеріне іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, дайындау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, ынталандыру, үстемеақы және сыйақы төлеу мәселелерін

ш е ш е д і ;

9) өз құзыреті шегінде Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қолданады және жемқорлыққа қарсы шаралар үшін жеке жауапкершілік атқарады;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Комитеттің атынан мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда өкілдік етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

29. Комитеттің төраға орынбасарларының өкілеттігі:

1) өз өкілеттіктері шеңберінде Комитеттің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет басшысы болмаған кезде Комитетке жалпы басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Комитет басшысы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

30. Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комитет атынан басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға Комитет басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

## **6. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

31. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.